

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы»
мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының қызметінің 2020 жылға
сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг нәтижесі**

I. Кіріспе бөлім

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нысаны: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы» МҚҚК қызметі.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг өткізілді: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы» МҚҚК, С. Торайғыров көшесі, 11. Электрондық мекен-жайы: 80botakan@mail.ru, телефон нөмірі: 8 (7172) 72-92-30.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг өткізу барысындағы қамтылған кезеңі: 2019 жылдың 1 тамызы мен 2020 жылдың 31 шілде аралығы.

II. Ақпараттық-талдау бөлімі

2020 жылғы шілде айының соңындағы жағдай бойынша 39 қызметкер, оның ішінде 17 педагог, 18 адам техникалық және қызмет көрсету персоналы, 4 адам бала күтімі бойынша демалыста.

2020 жылдың шілде айының соңында қоса жұмыс атқаратын қызметкерлерді санамағанда қызметкерлер саны 39 адамды құрады. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 49-бап 5-тармағы бойынша 12 қызметкер өз еркі бойынша жұмыстан шығарылды. 2019 жылдың тамыз айы мен 2020 жылдың шілде айы аралығында 11 қызметкер жұмысқа қабылданды. Осылайша, жұмыс істейтіндердің сандық құрамы сакталды, жұмыстан шыққандардың орнына білікті мамандар қабылданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, қылмыстық заңнаманы, жанжалды бұзу бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту мүдделерін, қызметтік тергеу, тәртіптік жауапкершілікке тарту - жоқ.

Прокурорлық қадағалау, сот актілері - жоқ.

2020 жылы қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша заңды тұлғалардың өтініштері, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің әрекеттеріне шағымдар түскен жоқ.

Бұқаралық акпарат құралдарында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы» МҚҚК қызметіне және ұйым қызметкерлеріне жағымсыз жарияланымдар болған жоқ.

Балабақша қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнаманы түсіндіру бойынша жиналыс өткізілді, жылына 2 рет кенестер өткізіледі, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша заңнаманы сақтау бойынша балабақша жұмысы туралы мәселелер қарастырылады.

Кеңестер бойынша ақпарат, педагогикалық ұжым және балабақшаның өндірістік кеңес отырыстарының хаттамалары, сонымен қатар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындылары балабақша сайтында орналастырылады.

Балабақша менгерушісі және шаруа іci жөніндегі менгерушінің орынбасары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Департаменті өкілдерінің қатысуымен «Сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау» мәселелері бойынша оқыту семинарларына, конференцияларға қатысады.

2020 жылдың 19 мамырында №80 «Ботақан» балабақшасында өткізілген «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» атты такырыбында кезектен тыс өндірістік жиналысында балабақша қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы мәліметтер мониторингіне арналған ережелер мен ұсынымдар таныстырылды.

Мектепке дейінгі білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды тіркеу мемлекеттік қызмет көрсету нормаларына сәйкес жүргізілді. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту, оларды көрсету мерзімін бұзу болған жоқ. Шағымдар түскен жоқ. Регламент стандартқа және нақты процеске толық сәйкес келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қосымша құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ

Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар: мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес 2020 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық Жоспары www.publicbudget.kz веб-порталда орналастырылған.

2020 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша жалпы сомасы 90 458 000 теңгеге 61 шарт жасалды.

Көрсетілген кезеңде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің тәсілін қолдануда заңнамалық нормалардың бұзылуы анықталған жоқ. Шарттар жасасу кезінде артықшылықтар, үлестес фактілер анықталған жоқ.

Мемлекеттік органдар «№80 «Ботақан» балабақшасы» МҚҚҚ қаржы – шаруашылық қызметінің заңнамалық нормаларына сәйкестігін бақылау көрсетілген кезеңде жүргізілген жоқ, жауапқа тартылған кінәлі тұлғалар – жоқ.

III. Қорытынды болім

№80 «Ботақан» балабақшасында ата-аналардан топ пен ғұлмелердің тазалығын сақтауга және жондеу жұмыстарына, құрал-жабдықтарды, жиһазды сатып алуға, мекеменің аттестациясын өткізуге, педагогикалық ұжымға сыйлықтарға, мерекелерге қарсы іс-шаралар өткізуге және басқаларға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауға қатаң тыйым салынған, педагогикалық ұжым және ата-аналар

комитеті мүшелері арасында зансыз ақша жинау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді және мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының тікелей байланысы, жұмысқа қабылдау, санат беру, жүктеме бөлу кезінде артықшылық сияқты сыйайлар жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілері анықталған жок.

Жұмыс тобы:

Әдіскер: Ескеева Ж.Б.

Кәсіподақ төрайымы: Сатпаева М.А.

Хатшы: Конакбаева Ж.К.

№ 80 "Ботақан" балабақшасы МҚКК мешгерушесі



(қолы)

Дюсенова Ж.С.